

Барлық ХБ бағдарламаларының мақсаты – халықаралық сана қалыптасқан, әлемді ортақ қамқорлығы деп мойындайтын, бейбіт және бұдан да жақсырақ әлемді құруға көмектесетін халықаралық көзқарастағы тұлғаны дамыту.

*Халықаралық Бакалавриат білім алушысы ретінде біз ұмтыламыз:*

### **ІЗДЕНІМПАЗ (ЗЕРТТЕУШІ) ЛЮБОЗНАТЕЛЬНЫЕ**

Біз ізденушілік пен зерттеу дағдыларын дамытып, қызығушылығымызды дамытамыз. Біз өз бетінше және басқалармен бірге қалай үйренуге болатынын білеміз. Біз ынтамен оқимыз және өмір бойы оқуға деген сүйіспеншілігімізді сақтаймыз.

### **ЗЕРДЕЛІ ЗНАЮЩИЕ**

Біз әртүрлі пәндер бойынша білімді зерттей отырып, тұжырымдамалық түсінікті дамытамыз және пайдаланамыз. Біз жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелер мен идеялармен айналысамыз.

### **ОЙШЫЛ ДУМАЮЩИЕ**

Біз күрделі мәселелерді талдау және жауапты әрекет ету үшін сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын қолданамыз. Біз негізделген, этикалық шешімдер қабылдауда бастамашылдық танытамыз.

### **ТІЛ ТАБЫСҚЫШ ОБЩИТЕЛЬНЫЕ**

Біз өзімізді сенімді және шығармашылықпен бірнеше тілде және көптеген жолдармен білдіреміз. Біз басқа адамдар мен топтардың көзқарастарын мұқият тыңдай отырып, тиімді ынтымақтастық жасаймыз.

### **ҰСТАМДЫ ПРИНЦИПИАЛНЫЙ**

Біз адалмыз және күшті моральдық принциптерге иеміз және күшті әділдік пен әділеттілік сезімімен және барлық жерде адамдардың қадір-қасиеті мен құқықтарын құрметтейміз. Біз өз әрекеттеріміз бен олардың салдары үшін жауапкершілік аламыз.

### **ӘДІЛЕТТІ (ЫҚЫЛАСТЫ) ШИРОКО МЫСЛЯЩИЕ**

Біз өз мәдениетімізді және жеке тарихымызды, сондай-ақ басқалардың құндылықтары мен дәстүрлерін сыни тұрғыдан бағалаймыз. Біз әртүрлі көзқарастарды іздейміз және бағалаймыз және тәжірибеден өсуге дайынбыз.

### **ҚАМҚОРШЫЛ CARING ЗАБОТЛИВЫЕ**

Біз эмпатия, жанашырлық және құрмет көрсетеміз. Біз қоғамға қызмет ету жолын ұстанамыз, басқа адамдардың өміріне жағымды өзгерістер әкелуге және қоршаған ортаға қамқорлық жасауға тырысамыз.

### **ТӘУЕКЕЛШІЛ РЕШИТЕЛЬНЫЕ**

Біз белгісіздікті алдын ала ойластырып және шешіммен қараймыз; біз жана идеялар мен инновациялық стратегияларды зерттеу үшін дербес және бірлесіп жұмыс істейміз. Біз қиындықтар мен өзгерістерге тапқырмыз және төзімдіміз.

### **ҮЙЛЕСІМДІ ГАРМОНИЧНО РАЗВИТЫЕ**

Біз өзіміздің және басқалардың әл ауқатына жету үшін әртүрлі аспектілерді (физикалық, интеллектуалдық және эмоционалдық) теңестіруіміз маңызды. Біз басқа адамдармен және біз өмір сүріп жатқан әлеммен өзара тәуелділігімізді мойындаймыз.

### **РЕФЛЕКСИВТІ (ТАЛДАҒЫШ) АНАЛИЗИРУЮЩИЕ**

Біз әлемді және өз идеяларымыз бен тәжірибемізді мұқият қарастырамыз. Біз оқуға және жеке дамуымызға қолдау көрсету үшін күшті және әлсіз жақтарымызды түсінуге тырысамыз.

*Халықаралық Бакалавриат оқушы профайлі әлемдік халықаралық мектептер бағалайтын 10 атрибутты білдіреді. Біз осы атрибуттардың және басқа да қасиеттердің жеке тұлғалар мен топтарға жергілікті, ұлттық және жаһандық қауымдастықтың жауапты мүшелері болып қалыптасуына көмектесетініне сенімдіміз.*